

егемен

Астана

Далалық өркениет тағылымы

Өткен бейсенбіде елордадағы Елбасы кітапханасында «Қазіргі заманда адам мен қоғамның өзара үйлесімді ықпалдастыры үшін далалық атқа мінү өркениетінің тарихи маңызы» тақырыбында сұхбат аланы өтті. Іс-шара онлайн форматта ұйымдастырылып, оған отандық тарихшылар, жоғары оқу орындары магистранттары мен докторанттары, тарих, археология, этнология және өлкетану бойынша ғылыми жобалар байқауында жеңімпаз атанған мектеп оқушылары қатысты.



Мәртебелі жиынды ашып сөз сөйлеген Елбасы кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат: «Тәуелсіздік жылдарында тарихшылар, археологтар, мәдениеттанушылар көшпендейлер тарихындағы маңызды мәселелерді зерттеуде ауқымды нәтижелерге қол жеткізді. 2004 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды. Бағдарлама шеңберінде көшпендейлердің тарихи мұрасын зерделеудің біртұтас жүйесі қалыптасып, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштері қайта жасалды, ұлттық әдебиет пен жазудың сан гасырлық тәжірибесі терең зерттелді. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы қабылданып, оның аясында Қазақстан тарихына қатысты ірі әлемдік мұрағаттардан құжаттарды жүйелі іздеу және зерделеу жұмыстары жүзеге

асырылды. Ұлттымыздың жазушылары, ақындары, тарихшыларының ерен еңбегінің арқасында тарихи әділдік салтанат құрды. Мұнда археологтардың рөлі ерекше, олар көрнекі заттай материал негізінде ұрпақтары қазіргі қазақтар болған көшпендейлер мәдениетінің бірегейлігін дәлелдеді. Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының теориялық негізін дамытатын «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында атқа міну мәдениетінің ежелден бері көшпелі қоғамның сипатын толықтай суреттегенін ерекше атап өтті», деді.

Одан кейін «Ботай макромәдениетінің қазақ халқы мен мемлекеттілігінің мәдениет генезисі үдерісіндегі рөлін мемлекеттік саяси тану», «Ұлттық идея ретінде бірыңғай ұлттық патриотизмді қалыптастырудың атқа міну және дала өркениетінің тарихи байланыстары» тақырыбында баяндама жасаған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология және дала өркениеттері институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Виктор Зайберт ең әуелі, алты мың жыл бұрын дала өркениетінің бастауында этностық және тарихи тамыры Ботай салт аттылық мәдениетінен басталатын тарихи дана қазақ халқының ұлы екенімді мақтан етемін дей отырып: «Ботай мәдениетін 40 жыл бойы диалектиканың негізгі заңдарының Гегель философиясы негізінде зерттеп келемін. Таптық-формациялық догматикалық теориялардан бас тарта отырып, мен соңғы екі жүз жыл бойы еуразиялық өркениеттің қайнар көзі ретінде euroцентрлік әдіснамамен және тарихнамамен қабылданбаған ұлы қазақ даласы шын мәнінде тұрақты экономикалық және әлеуметтік-саяси дамудың далалық феномені болғанын түсіндім. Ұлы далада тарихи сәтсіздіктер жоқ, сонымен қатар ол отырықшы-егіншілік алқаптық мәдениеттерден тәуелсіз, өзін-өзі молайтатын гео және социожүйе болып табылады», деді археолог ғалым.

Келесі кезекте, «Қазақстанның мәдени-тарихи мұрасы жаһанданудың жаңа моделіндегі елдің тұрақты дамуының қайнар көзі» тақырыбында баяндама жасаған EICON тұрақты даму компаниясының сарапшысы Сергей Цой жақында қабылданған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы, Жасыл экономикаға өту тұжырымдамасын іске асыру жоспары, Қазақстанның 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары ТДМ-мен сусындал тұр. Ал мемлекеттік басқару жүйесін реформалау жөніндегі тұжырымдаманың орталығы экономикадан адам құндылықтарына көшкенін аңғартады. БҰҰ-ның жаһандық күн тәртібіне сәйкес, Қазақстан да адам өмірінің сапасын арттыруды көздел отыр. Бұл жұмыс – билікке де, азаматтық қоғамға да ортақ іс, деді.

Сонымен қатар Цой мырза ТДМ-ға мәдени-тарихи мұра арқылы әрбір қазақстандықтың өзін-өзі анықтаусыз, ортақ идеологиялық және рухани тұғырнамасыз, жаңа патриотизм қалыптасуының қол жеткізе алмайтынын атап өтті. Ол сондай-ақ көшпендейлер өркениетін ашу жөніндегі тұрақты жобаны іске асыруды ұсынды.

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Самашев,

осыдан 40 жылдан астам уақыт бұрын Виктор Федорович Зайберт бұл феноменді әлемдік ғылым үшін ашты, біз енді ғана осы жаңалықтың дүниежүзілік тарихи маңыздылығын түсіне бастадық. Қазіргі жағдайда бұл ұлттық сана-сезімді дамыту және ұлттық идеологияны қалыптастыру үшін өте маңызды десе, К.Ақышев атындағы ғылыми-зерттеу институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология кафедрасының доценті Марал Хабдулина ханым, ғылым саласында айтартлықтай жетістіктерге жету үшін ондаған жылдар қажет екендігін көріп отырмыз. Тек үздіксіз зерттеу, зерделеу, тәсілдерді жетілдіру арқылы ғана маңызды тарихи және саяси тұжырымдамаға қол жеткізуге болады, деп атап етті.